

«Наурыз – ұлттық құндылықтар мерекесі»

Мақсаты:

Балаларды қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы туған елінің мәдени мұрасына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсініктерін кеңейту;
- ұлттық ойындарды, қолөнерді және халықтық өнерді насихаттау;
- ұлттық киімдерге, ұлттық тағамдарға және мәдени мұраға құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- балалардың шығармашылық, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- достыққа, бірлікке, сыйластыққа және үлкенді құрметтеуге баулу.

Тақырыптық анықтама:

Іс-шара барысында балалар Наурыз мерекесінің шығу тарихымен, қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және ұлттық құндылықтарымен танысады. Ұлттық киімдер көрмесі ұйымдастырылып, балалар ұлттық нақыштағы киімдерді киіп, олардың ерекшеліктерімен танысады. Сонымен қатар «Асық ату», «Арқан тарту», «Бес тас» сияқты ұлттық ойындар ойнатылып, қазақтың ұлттық әндері мен билері орындалады, тақпақтар айтылып, салт-дәстүрлерден көріністер көрсетіледі. Балалар ұлттық тағамдармен танысып, қолөнер бұйымдарының көрмесін тамашалайды және шығармашылық жұмыстар орындайды. Іс-шара барысында ұлттық мәдениетке деген құрмет, туған елдің тарихына қызығушылық, отансүйгіштік, бірлік пен татулық құндылықтары дәріптеледі. Соңында мерекелік концерт ұйымдастырылып, белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мен ата-аналарға алғыс білдіріліп, Наурыз мейрамының тәрбиелік маңызы қорытындыланады.

